

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 1999 жылғы 3 мамырдағы N 177 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі 1999 жылғы 18 қазан N 570 Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1999 жылғы 20 қазанда тіркелді. Тіркеу N 941. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2005 жылғы 12 наурыздағы N 78 Бұйрығымен (V053497)

"Сот сараптамасы туралы" 1997 жылғы 12 қарашадағы, "Психиатрлық көмек және оны көрсету кезінде азаматтардың құқықтық кепілдіктері туралы" 1999 жылғы 16 сәуірдегі, "Қылмыс жасалуына сезіктілер мен айыптаушыларды күзетте ұстаудың тәртібі мен шарттары туралы" 1999 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңдарына, 1999 жылғы 13 шілдедегі Қазақстан Республикасының Азаматтық істер жүргізу кодексіне және "Мемлекеттік білім беру мекемелерінің қаржы, материалдық және валюталық түсімдерді пайдалану Тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 22 қыркүйектегі N 1441 P991441_ қаулысына сәйкес Бұйырамын:

1. "Ақылы қызмет көрсетуді іске асырудан, демеушілік және қайырымдылық көмек көрсетуден алынатын қаражаттарды, сондай-ақ мемлекеттік мекемелердің депозиттік сомаларын қалыптастыру, пайдалану және есепке алу тәртібі туралы қағиданы бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 1999 жылғы 3 мамырдағы N 177 V990771_ бұйрығына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Ақылы қызмет көрсетуді іске асырудан, демеушілік және қайырымдылық көмек көрсетуден алынатын қаражаттарды, сондай-ақ мемлекеттік мекемелердің депозиттік сомаларын қалыптастыру, пайдалану және есепке алу тәртібі туралы қағидада:

29 - т а р м а қ т а :

үшінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Түзету мекемелерінде және тергеу изоляторында, Қазақстан Республикасының Денсаулық жөніндегі агенттігінің қатаң сақтау істері бақылауындағы республикалық психиатрлық ауруханада, қылмыс жасауда сотталғандардың, сезіктілер мен айыптаушылардың жеке ақшасын аудару үшін, және заң актілерімен көзделген олардың осы қаржыны мына шығыстарға пайдалану үшін депозиттік шоттар ашылады:";

бесінші абзацтағы "ақша аударымдары" деген сөздерден кейін ", посылка,

бандеролдар" деген сөздермен толықтырылсын;
көрсетілген Қағиданың І-қосымшасына:

9 - б а ғ а н ғ а :

3-қызмет көрсету коды бойынша:

"жабдықтар мен құрал-саймандарды сатып алу" деген сөздер "жабдықтар, құрал-саймандар (оның ішінде жеңіл) және киім-кешектер сатып алу" деген сөздермен ауыстырылсын;

"шаруашылық шығыстары" деген сөздерден кейін"(жылу электрэнергия, сумен жабдықтау және басқада коммуналдық шығыстар, ағымдағы шаруашылық мақсаттарға арналған заттар мен материалдарды сатып алу, үйлерге қызмет көрсету бойынша, көлік қызметі үшін ақы төлеу) деген сөздермен толықтырылсын;

8 қызмет көрсету коды бойынша:

"жабдықтар мен құрал-саймандарды сатып алу" деген сөздер "жабдықтар, құрал-саймандар (оның ішінде жеңіл) және киім-кешектер сатып алу" деген сөздермен ауыстырылсын;

"шаруашылық шығыстары" деген сөздерден кейін"(жылу электрэнергия,

сумен жабдықтау және басқада коммуналдық шығыстар, ағымдағы шаруашылық

мақсаттарға арналған заттар мен материалдарды сатып алу, үйлерге қызмет көрсету бойынша, көлік қызметі үшін ақы төлеу) деген сөздермен толықтырылсын;

осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес "26 және 27 қызмет көрсету коды" деген жолдармен толықтырылсын.

2. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде оның мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күшіне енеді.

Қаржы министрі

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің
1999 жылғы 18 қазандағы N 570 бұйрығына
қосымша

Мемлекеттік бюджет қаржысы есебінен
ұсталатын мемлекеттік мекемелердің ақылы қызмет көрсету тізбесі

бюджет түрі						ақылы қызмет қызмет көрсету	
функционалды топ						коды	атауы
Ішкі функция							
мем.мек.лер-әкім.бағ							
Бағдарлама ішкі							
бағдарлама							

1	2	3	4	5	6	7	8
---	---	---	---	---	---	---	---

РБ	3	2	221	32	30	26	Сот сараптама органдарының шеккен шығыста.
----	---	---	-----	----	----	----	--

РБ	5	5	224	37	30		рын қайтару, оның өндіріспен байланысы үшін сот сараптама органдары алған қаржы
----	---	---	-----	----	----	--	---

РБ	3	2	221	32	30	27	Қазақстан Респуб. ликасының Ғылым
----	---	---	-----	----	----	----	-----------------------------------

РБ	5	5	224	37	30		және жоғары білім министрлі. гі бекіткен бағ. дарламаға кірмей тін ғылыми және ғылыми-әдістеме лік зерттеулер. ді жүргізуден алынатын қаржы
----	---	---	-----	----	----	--	---

таблицаның жалғасы

Пайдалану бағыты

Негіздеме бағыты

Бұйрық нөмірі

9

| 10

| 11

Сот сараптамасының "Сот сараптамасы туралы"
кәсіби дайындығын Қазақстан Республикасының
және біліктілігін арт. Заңы (22 бап) Азаматтық ко.
тыруға, сот-сараптама. дексі (108 бап)
лық қызметін материал.
дық-техникалық қамтама.
сыз етуге арналған

Қазақстан Республикасы "Сот сараптамасы туралы"
ның Ғылым және жоғары Қазақстан Республикасының
білім министрлігі бе. Заңы (20 бап)
кіткен бағдарламаға
кірмейтін ғылыми және
ғылыми-әдістемелік
зерттеулерді жүргізуге

Оқығандар:

Омарбекова А.Т.

Икебаева Ә.Ж.